

Сөйлем мүшелері –

сөйлем құрауға қатысқан
толық мағыналы, белгілі
бір сұраққа жауап беретін
және сөйлемдегі басқа
сөздермен байланысып
тұратын сөздер



Сөйлем мүшелері

```
graph TD; A[Сөйлем мүшелері] --> B[тұрлаулы мүшелер]; A --> C[тұрлаусыз мүшелер];
```

тұрлаулы мүшелер

Сөйлем құрауға
негіз болады

тұрлаусыз мүшелер

Өздігінен сөйлем
құрай алмайтын,
тек сөйлемдегі
ойды
толықтырып
тұратын мүшелер

Тұрлаулы мүшелер

бастауыш

Сөйлемде айтылған ойдың иесі болатын мүше.

кім? не? кімдер? нелер?

кімі? несі? кімім? нем?

кіміңіз? неңіз? кіміміз?

неміз? кімдерің?

нелерің?

кімдеріңіз? нелеріңіз?

баяндауыш

Сөйлемді тиянақтап тұратын мүше.

Қай сөз табынан

болса, сол сөз

табының сұрағына

жауап береді.

Тұрлаулы мүшелер

бастауыш

*Жазда күн өте
ыстық болды.*

*Достарым осы
жарыста жеңіп
шықты.*

Үшеуі сыртқа шықты.

*Кеншілер сарайы
адамға лық толы.*

баяндауыш

Біз тауға шықтық.
Оның ойы үйге ертерек
жету еді.

Оның алғаны – кітап.

Күн ыстық.

Оның түсі қара торы.

Ауыл мәдениеті өсіп
келеді.

Тұрлаусыз мүшелер

анықтауыш

Сөйлемде басқа мүшелердің сын-сипатын анықтап

тұратын мүше.

қандай? қай?
кімнің? ненің?
неше? нешінші?
қанша? қайдағы?
қашанғы?

толықтауыш

Сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүше.

кімді? нені?
кімге? неге?
кімде? неде?
кімнен? неден?
кіммен? немен?



пысықтауыш

Сөйлемде іс-қимылдың түрлі белгісін (мекенін, мезгілін, т.б.) анықтайтын мүше.

қайда? қайдан?
қалай қарай? қашан?
қашаннан бері?
қалай?
қалайша? қайтіп?
неліктен? не үшін? неге?
не мақсатпен?
қаншалықты?

Тұрлаусыз мүшелер

анықтауыш

Ол – ұзын бойлы адам.

Біз осы ауылдан шықтық.

Жазғы демалыста шетелге барамыз.

Қолында сары-қызыл гүлдер бар.

Оныншы сыныпта біз бұл тақырыптарды өткен едік.

ТОЛЫҚТАУЫШ

Атасы балаларын шақырды.

Досыммен ұзақ сөйлестім.

Оған көмектесу керек.

Бестен үшті алса, екі қалады.

ПЫСЫҚТАУЫШ

Ол қалада тұрады.

Ертең апам келеді.

Олар жоғары көтерілді.

Батырлар Отан үшін қаза тапты.

Ол сұраққа ойланбастан жауап берді.

Толықтауыш мағынасына қарай

тура толықтауыш

Табыс септік тұлғасындағы
толықтауыш

*Көлді жел қозғайды,
Ойды сөз қозғайды.
Оны ешкімге көрсетпе.
Мен кітап оқыдым.*

жанама толықтауыш

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес
септіктері тұлғасындағы толықтауыш

*Білімдіден шыққан сөз,
талаптыға болсын кез.*

(Абай)

*Жақсымен жолдас болсаң,
Жетерсің мұратқа.
Жаманмен жолдас болсаң,
Қаларсың ұятқа.*

Пысықтауыш мағынасына қарай



мекен

Іс-әрекеттің болу орнын, мекенін білдіреді.
қайда? қайдан?
қалай қарай?
Оқушылар мектепке қарай кетті.

мезгіл

Іс-әрекеттің мезгілін білдіреді.
қашан?
қашаннан бері?
Түске дейін сенбілік аяқталды.

себеп-салдар

Іс-әрекеттің себебін білдіреді.
неліктен?
не үшін? неге?
Амалсыздан тапсырманы орындады.

сын-қимыл

Іс-әрекеттің жүзеге асу амалын, мөлшерін білдіреді.
қалай?
қалайша?
қайтіп?
Ол жылдам оқиды.

мақсат

Іс-әрекеттің мақсатын білдіреді.
неге?
не мақсатпен?
Жұмыс істеу үшін келді.